

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Директорлар кеңесінің
2020 жылғы 13 ақпандағы
шешімімен, №1/2020 хаттама,
бекітілді**

**«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕТҰ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЛАСЫНДАҒЫ
САЯСАТЫ**

Нұр-Сұлтан қаласы, 2020

1. ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. ҚМГ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қатынастарды реттейтін заңнаманы қатаң сақтау бизнестің тұрақты дамуының маңызды шарттарының бірі болып табылатынына сенімді.

1.2. ҚМГ бизнесті жүргізудің адал емес және заңға қайшы тәсілдерін үзілді-кесілді қабылдамайтынын мәлімдейді және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оның алдын алу саласында қазақстандық, шетелдік және халықаралық органдар мен ұйымдар ұсынған қосымша міндеттемелерді өз еркімен қабылдайды.

1.3. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның ЕТҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясаты (бұдан әрі – Саясат) ҚМГ-ның сыбайлас жемқорлық қызметіне тартуға қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттары мен міндеттерін ашады, осы қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздері мен түйінді қағидаттарын айқындайды, ҚМГ-ның сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша қабылдап жатқан шараларын сипаттайды, Қызметкерлер мен өзге де тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы міндеттерін, сондай-ақ Саясаттың ережелерін орындау үшін жауапкершілігін белгілейді.

1.4. Осы Саясат мынадай мақсаттарда әзірленген:

- ҚМГ қызметінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қатынастарды реттейтін қазақстандық және шетелдік заңнаманың талаптарына, бизнес жүргізу әдебінің жоғары стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

- ҚМГ мен оның қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа тарту тәуекелдерін барынша азайту;

- ҚМГ қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларында, акционерлерде, инвесторларда, контрагенттерде, мемлекеттік органдардың өкілдерінде, өзге де мүдделі тұлғаларда кез келген нысандары мен көріністерінде сыбайлас жемқорлықты жоққа шығарушы ретінде ҚМГ туралы бірыңғай түсінікті қалыптастыру;

- сыбайлас жемқорлыққа тартуға қарсы іс-қимыл бойынша ҚМГ қызметін регламенттейтін жергілікті нормативтік базаны құру.

1.5. Осы Саясаттың міндеттері:

- ҚМГ-нің сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттарын, міндеттері мен қағидаттарын айқындау;

- құқыққа қарсы іс-әрекеттердің алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, сондай-ақ оларды дайындайтын, жасайтын немесе жасаған адамдарды табу және анықтау;

- негізгі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және алаяқтық тәуекелдерін сәйкестендіру және оларды азайту және/немесе жою шараларын айқындау;

- сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мақсатында ҚМГ корпоративтік мәдениетін қалыптастыру;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданыстағы заңнама негізінде ҚМГ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдерді енгізу және оларды ҚМГ қызметкерлері мен өзге де мүдделі тұлғалардың назарына жеткізу;

- ҚМГ қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының Саясатта бекітілген қағидаттарды, шектеулер мен талаптарды сақтау міндетін белгілеу;
- сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау үшін ақпараттық арналарды қамтамасыз ету;
- ҚМГ-да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша қабылданған шараларды түсіндіру.

1.6. Осы Саясат ҚМГ-ның бизнесті жүргізудің жоғары әдеп стандарттарына және іскерлік беделін қолдауға бейілділігін көрсетеді. ҚМГ сыбайлас жемқорлық оның бизнесі мен құндылықтарына қауіп төндіреді деп есептей отырып, өзінің адал және әділ ұйым ретіндегі беделі оның ең құнды активтерінің бірі болып табылатынын мойындайды. ҚМГ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты берік ұстанымы бизнесті жүргізудің іргелі қағидаттарының бірі болып табылады.

1.7. ҚМГ қызметкерінің және/немесе лауазымды адамының өміріне немесе денсаулығына қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, ҚМГ бүкіл әлем бойынша тікелей немесе үшінші тұлғаларды тарту (Делдалдық) арқылы жүзеге асырылатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды немесе парақорлықты кез келген нысанда жасауға тыйым салады. ҚМГ сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтынын ашық мәлімдейді және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу саласында қосымша міндеттемелерді өз еркімен қабылдайды.

1.8. ҚМГ ҚМГ қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына ҚМГ атынан Саяси маңызы бар адамдарға ынталандыру төлемдерін, оның ішінде делдалдар арқылы осындай төлемдер төлеуді жүзеге асыруға үзілді-кесілді тыйым салады.

1.9. Осы Саясат Интернет желісіндегі ҚМГ ресми веб-сайтында және электрондық құжат айналымы жүйесінде орналастырылады.

2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

2.1. Саясатты ҚМГ-ның барлық Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғалары орындауға міндетті.

2.2. Саясат мыналарда қолданылады:

2.2.1. ҚМГ;

2.2.2. ҚМГ еншілес ұйымдары;

2.2.3. бірлесіп бақыланатын ұйымға басқа акционерлердің/қатысушылардың қарсылығы болмаған кезде, ҚМГ-нің осындай бірлесіп бақыланатын ұйымдары;

2.2.4. ҚМГ компаниялар тобының қаржылық есептілігінде үлестік қатысу әдісі бойынша шоғырландырылатын ҚМГ бірлескен кәсіпорындары.

2.3. Егер ЕТҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарында немесе ЕТҰ орналасқан елдердің заңнамасында Саясат ережелеріне қарағанда неғұрлым қатаң талаптар белгіленсе, онда ЕТҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарының ережелері немесе заңнама талаптары қолданылады.

2.4. Саясат KMG International N.V. компаниялар тобына қолданылмайды.

2.5. Саясат ҚМГ компаниялары (қаржылық есептілік мақсаттары үшін шоғырландырылмаған компаниялар) тобының қаржылық инвестицияларына қолданылмайды.

2.6. ҚМГ өзінің Контрагенттеріне осы Саясаттың талаптарын ұстануды және өз қызметкерлерінің Саясат талаптарын сақтауын қамтамасыз етуді ұсынады.

2.7. ҚМГ ЕТҰ Саясатын қолдану белгіленген тәртіппен, ҚМГ ЕТҰ-да ұқсас саясаттарды әзірлеу және бекіту немесе ішкі құжаттарын осы Саясатқа сәйкес келтіру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте осы Саясатта ҚМГ ЕТҰ-ның ұқсас саясаттары мен ішкі құжаттарында көзделген талаптар төмендетілмеуге тиіс.

3. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Белсенді парақорлық	Пара ұсыну, уәде ету, параға рұқсат беру немесе пара төлеу (тікелей немесе жанама түрде), сондай-ақ осындай қылыққа көмектесу немесе жәрдемдесу.
Жақын туыстар	Ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілер мен апа-сіңлілер, ата, әже, немерелер.
Пара¹	Пара берушінің мүддесінде Саяси маңызы бар адам өзінің қызмет бабына байланысты жасай алатын немесе жасауы тиіс әрекеті (немесе, керісінше, әрекетсіздігі) үшін осы адам қабылдайтын материалдық құндылықтар (заттар немесе ақша) немесе қандай да бір мүліктік пайда немесе көрсетілетін қызметтер.
Лауазымды адамдар	1) заңға, өзге де құқықтық актіге немесе құжатқа сәйкес ҚМГ атынан әрекет етуге уәкілетті адамдар; 2) ҚМГ Директорлар кеңесінің мен Басқармасының мүшелері.
ЕТҰ	ҚМГ еншілес ұйымдары мен тәуелді қоғамдары, соның ішінде бірлесіп бақыланатын ұйымдары мен бірлескен кәсіпорындары.
ҚМГ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ.
Коммерциялық параға сатып алу	Коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқарушылық функцияларды орындайтын адамға өзінің қызмет бабын пайдаланғаны үшін ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге де мүлікті заңсыз беру, сол сияқты оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету, сондай-ақ параға сатып алуды жүзеге асыратын адамның мүддесінде қызмет бабымен жалпы қамқорлық немесе салғырттық таныту.

¹ «Пара» термині мемлекеттік қызметшіні параға сатып алуды білдіру үшін қолданылады, ал коммерциялық құрылым қызметкерін параға сатып алуды білдіру үшін әдетте «Коммерциялық параға сатып алу» термині қолданылады.

Контрагент	ҚМГ шарт/келісім жасасқан не жасасуды жоспарлаған жеке немесе заңды тұлға.
Мүдделер қақтығысы	ҚМГ қызметкерінің немесе лауазымды адамының жеке пайдасы немесе қызметі ҚМГ мүдделеріне қайшы келетін немесе олармен ықтимал қайшы келуі мүмкін және сол арқылы олардың лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауына және ҚМГ-ға қатысты мәселелер бойынша шешімдердің объективтілігіне әкеп соғуы мүмкін кез келген жағдайлар немесе мән-жайлар
Сыбайлас жемқорлық	Кез келген нысанда, оның ішінде пара және коммерциялық параға сатып алу нысанында, тікелей немесе делдалдар арқылы материалдық және материалдық емес заңсыз пайда ұсыну, уәде ету, беру және алу; және/немесе сыбайлас жемқорлық әрекетін жүзеге асыру кезіндегі Делдалдық; және/немесе қызмет бабын теріс пайдалану, өкілеттіктерін теріс пайдалану, сондай-ақ жеке тұлғаның өзінің лауазымдық жағдайын ҚМГ-ның заңды мүдделеріне қайшы келетін өзге де заңсыз пайдалануы, оның ішінде өзі немесе үшінші тұлғалар үшін материалдық және материалдық емес заңсыз пайда алу мақсатында пайдалануы, не көрсетілген адамға басқа жеке тұлғалардың осындай пайданы заңсыз беруі.
Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық	Заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі қылық (әрекет немесе әрекетсіздік).
Белсенді емес парақорлық	Тікелей немесе жанама түрде пара алуды немесе қабылдауды сұрау, талап ету, оған келісу.
Саяси маңызы бар адам	1) Мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы; 2) Лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілінің

	<p>функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;</p> <p>3) Шетелдік лауазымды адам – шет мемлекеттің лауазымды адамы, соның ішінде шетелдік жария жиналыс мүшелері, халықаралық ұйымдардың лауазымды адамдары, халықаралық парламенттік жиналыс мүшелері, шет мемлекеттің судьялары мен халықаралық соттың лауазымды адамдары, сондай-ақ шет мемлекеттің қарулы күштері мен өзге де әскери құралымдарындағы лауазымды адамдар.</p>
Парақорлық/коммерциялық параға сатып алу	<p>Пара берушінің/коммерциялық параға сатып алу нысанасын беретін адамның немесе пара алушының/коммерциялық параға сатып алу нысанасын алатын адамның тапсырмасы бойынша параны/коммерциялық параға сатып алу нысанасын (заңсыз сыйақы) тікелей беру не пара берушіге және (немесе) пара алушыға/қатысушы тұлғаларға олардың арасындағы пара алу және беру/коммерциялық параға сатып алу туралы келісімге қол жеткізуге не оларды іске асыруға өзге де ықпал ету.</p>
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.	<p>ҚМГ қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлықтың алдын алу (профилактика) және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру) жөніндегі қызметі.</p>
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу	<p>ҚМГ-да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеуді қамтамасыз ететін ішкі құжаттармен регламенттелген корпоративтік мәдениетті, ұйымдық құрылым элементтерін, қағидалар мен рәсімдерді енгізуге бағытталған іс-шаралар.</p>
Қызметкер	<p>ҚМГ-мен еңбек қатынастарында тұрған және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын адам, сондай-ақ агенттік және азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт арқылы шарт бойынша тартылатын өзге де адамдар.</p>
Жекжаттар	<p>Жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апасыңділері, ата-аналары мен балалары.</p>
ҚМГ комплаенс қызметі	<p>Комплаенс мәселелері үшін жауап беретін ҚМГ-ның жауапты құрылымдық бөлімшесі.</p>

Ынталандырушы төлемдер	Әдеттегі ресми іс-қимылдарды жеделдету мақсатында Саяси маңызы бар адамдардың пайдасына төленетін төлемдер (мысалы, рұқсаттар, лицензиялар немесе өзге де ресми құжаттама беру; визалар, жұмысқа рұқсаттар және өзге де иммиграциялық құжаттама беру; тауарларды кеденнен босатуға рұқсат алуды жеделдету; жылжымайтын мүлікті немесе көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді жеделдету; коммуналдық немесе өзге де қызметтерді (мысалы, телекоммуникациялар, күзет) көрсету кезінде жеделдету және басқалар.
-------------------------------	---

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1. ҚМГ қызметкерлері/лауазымды адамдары өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде:

1) Саясатпен танысуға және Саясатты сақтау туралы міндеттемеге қол қоюға. Міндеттеме Саясатқа № 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша еңбек шартына қосымша түрінде ресімделеді;

2) жол берілмейтін сыбайлас жемқорлық қылықтың негізгі ұғымдары мен мысалдары келтірілген № 2 қосымшаға сәйкес жадынаманы басшылыққа алуға;

3) Қызметкердің іскерлік қасиеттерін бағалау кезінде, оның ішінде ол жоғары тұрған лауазымға тағайындалған жағдайда, өзге де кадр мәселелерін шешу кезінде Саясаттың сақталуын ескеруге;

4) Саясатта көзделген, оның ішінде сыйлықтарды сыйға тартуға, алуға; өкілдік шығыстарды, қайырымдылық және демеушілік қызметті жүзеге асыруға; саяси қызметке қатысуға; мемлекет өкілдерімен, Саяси маңызы бар адамдармен және қоғамдық ұйымдармен, контрагенттермен, делдалдармен, үшінші тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауға; Мүдделер қақтығысын болғызбауға; қаржылық есептілік жүргізуге қатысты шектеулер мен талаптарды қатаң сақтауға;

5) мынадай іс-әрекеттерге үзілді-кесілді тыйымдарды қатаң сақтауға:

- сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатыспау, соның ішінде Саяси маңызы бар адамдарға пара ұсынбау, уәде етпеу, бермеу;

- пара сұрамау және алмау (коммерциялық параға сатып алмау);

- Қызметкерлерге/Лауазымды тұлғаларға Контрагенттерді коммерциялық сатып алуға немесе Контрагенттердің коммерциялық сатып алуына қатыспау;

- әкімшілік, бюрократиялық және өзге де нысандылықтарды оңайлату үшін кез келген нысанда, оның ішінде ақша қаражаты немесе оның баламалары, құндылықтар, көрсетілетін қызметтер немесе мүліктік және мүліктік емес сипаттағы өзге де пайда түрінде қандай да бір адамдарға және коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарды, билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, Саяси маңызы бар адамдарды қоса алғанда, қандай да адамдардан немесе ұйымдардан өздері үшін, ҚМГ немесе үшінші тұлғалар үшін пайда алу мақсатында төлемдер жасамау.

6) ҚМГ лауазымды адамдары өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде ҚМГ контрагенттерінен және басқа да үшінші тұлғалардан өтініштер мен пара алуға үзілді-кесілді тыйымдарды қатаң сақтауға;

7) ҚМГ-ның өзге ішкі құжаттарында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы талаптар мен шектеулерді (Саясатқа қайшы келмейтін бөлігінде) сақтауға тиіс.

4.2. ҚМГ қызметкерлері/лауазымды тұлғалары Контрагенттермен өзара іс-қимыл жасау кезінде:

1) іскерлік қатынастарды адал және әділетті негізде жүргізетін Контрагенттермен іскерлік қатынастарды орнатуға және сақтауға, өзінің беделіне қамқорлық жасауға, шаруашылық қызметті жүргізу кезінде жоғары әдеп стандарттарына қолдау көрсетуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өз шараларын іске асыруға тиіс.

4.3. Комплаенс қызметі мыналар үшін жауапты болады:

1) Контрагенттермен қарым-қатынастар барысында ҚМГ-ның сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелін және өзге де жосықсыз практикаларды төмендету мақсатында Контрагенттерді тексеру рәсімін енгізу (нарықтағы қызметінің ұзақтығы, сыбайлас жемқорлық жанжалдарына қатысуы және тағы басқалары сияқты әлеуетті Контрагенттердің беделі туралы ашық қолжетімді мәліметтерді жинау мен талдауды қоса алғанда).

2) ҚМГ-де қолданылатын сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шаралар туралы ақпаратты ҚМГ-ның ресми веб-сайтына орналастыру;

3) Саясатты өзектендіру;

4) Саясат ережелеріне оқытуды ұйымдастыру.

4.4. Құқықтық қамтамасыз ету департаменті Контрагенттермен жасалатын шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау туралы ережелерді - № 3 қосымшада көзделген нысан бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені енгізу үшін жауапты болады.

5. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

5.1. Осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық заңнама және ҚМГ ішкі құжаттары ескеріле отырып жасалды.

5.2. Осы Саясатты жасау кезінде мынадай құжаттардың мазмұны ескерілді:

- Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы (Нью-Йорк қаласында (АҚШ) 2003 жылғы 31 қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 58-ші сессиясының пленарлық отырысында қабылданды, 2008 жылғы 4 мамырдағы Заңымен N 31-IV Қазақстан Республикасының ратификацияланды);

- 2011 жылғы 1 шілдеде күшіне енген «Парақорлықпен күрес туралы» Ұлыбритания Заңы (UK Bribery Act 2010);

- 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы;

- ҚМГ Іскерлік әдеп кодексі;

- ҚМГ қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер қақтығысын реттеу саясаты;

5.3. Көрсетілген актілердің коммерциялық ұйымдарға қатысты бөлігіндегі негізгі талаптары:

- пара беруге немесе коммерциялық параға сатып алу нысанасына тыйым салу;
- Саяси маңызы бар адамдарды параға сатып алуға тыйым салу;
- Делдалдыққа тыйым салу;
- параны немесе коммерциялық параға сатып алу нысанасын алуға тыйым салу.

6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

ҚМГ өз қызметі шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мынадай қағидастарын басшылыққа алады:

6.1. **«нөлдік төзімділік» қағидаты** (сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандары мен көріністерін қабылдамау) – ҚМГ қызметкерлері мен лауазымды адамдарына, сондай-ақ ҚМГ атынан және/немесе оның мүддесінде әрекет ететін өзге де адамдарға, қандай да бір елде бизнес жүргізу практикасына қарамастан, тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға толық тыйым салу;

6.2. **«Жоғарыдан үлгі» қағидаты** – ҚМГ лауазымды тұлғалары өз мінез-құлқымен ҚМГ қызметкерлеріне бизнес жүргізудің жоғары әдеп стандарттарын сақтау мен ілгерілету және кез келген көрінісінде сыбайлас жемқорлықты қабылдамау бойынша үлгі көрсетеді;

6.3. **тиісті сақтық қағидаты** – сыбайлас жемқорлық қызметке тартылуы мүмкін немесе сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзімді Контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін Контрагент туралы қажетті және дұрыс ақпарат алуға бағытталған шаралар мен іс-қимылдар кешенін қабылдау;

6.4. **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу қағидаты** – ҚМГ алдын ала сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша профилактикалық шаралар қабылдайды, яғни, ең алдымен, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға және оларды барынша азайтуға бағытталған корпоративтік мәдениет, ұйымдық құрылым элементтерін, ережелер мен рәсімдерді енгізу;

6.5. **бұлтартпас жаза қағидаты** – ҚМГ корпоративтік басқарудың барлық деңгейлеріндегі алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандары мен көріністеріне ымырасыз қатынасы туралы мәлімдейді. Кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту олардың ҚМГ-дағы лауазымы мен жұмыс мерзіміне және онымен өзге де өзара қарым-қатынастарына қарамастан, заңнамада және ҚМГ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады;

6.6. **мониторинг және бақылау** – ҚМГ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша енгізілген рәсімдердің мониторингін жүзеге асырады, олардың сақталуын бақылайды және оларды үнемі жетілдіріп отырады;

6.7. **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық** – ҚМГ сыбайлас жемқорлық проблемасының жалпы әлеуметтік сипатын және оған мемлекеттік саясат шеңберінде іске асырылатын іс-шаралар арқылы да, ҚМГ қызметкерлері, лауазымды тұлғалары және ҚМГ контрагенттері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру арқылы да қарсы іс-қимыл қажеттілігін мойындайды;

6.8. қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға тартылуы – ҚМГ қызметкерлердің сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандары мен көріністерін қабылдамауға жеке ұстанымын қалыптастыруды өз міндеті етіп қояды. Осы мақсатта ҚМГ ұйымның барлық деңгейлерінде Саясатты енгізу және оның мазмұнын өз қызметкерлерінің, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғалардың назарына жеткізу бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайды. ҚМГ қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің деңгейін оларды Саясаттың негізгі талаптарына тұрақты оқыту және оны практикада қолдану арқылы арттыруға жәрдемдеседі;

6.9. сенімді есептілікті жүргізу қағидаты – ҚМГ-да заңнама талаптары мен есептік құжаттаманы жүргізу қағидалары қатаң сақталады. Шаруашылық өмірдің әрбір фактісі бастапқы есептік құжатпен ресімделуі тиіс. Бухгалтерлік, басқарушылық және өзге де есеп түрлерінің деректерін немесе растайтын құжаттарды бұрмалауға немесе боямалауға жол берілмейді.

7. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР

7.1. Ақпараттандыру және оқыту

Корпоративтік мәдениеттің тиісті деңгейін қалыптастыру үшін ҚМГ-ға жаңадан жұмысқа қабылданған, сыбайлас жемқорлық тәуекеліне ұшырайтын процестерге тартылған ҚМГ қызметкерлерімен/лауазымды адамдарымен осы Саясаттың ережелері және онымен байланысты құжаттар бойынша кіріспе тренинг өткізіледі; ҚМГ-да жұмыс істейтін Қызметкерлер/Лауазымды тұлғалар үшін күндізгі және/немесе қашықтықтан оқыту нысанда мерзімді ақпараттық тренингтер өткізіледі.

ҚМГ қызметкерлері/лауазымды тұлғалары ҚМГ веб-сайтында және ішкі ресурстарда ашық қолжетімді болатын осы Саясатпен танысу арқылы күндізгі оқыту нысанында, сондай-ақ сырттай немесе қашықтықтан оқыту нысанында оқудан өтеді.

7.2. ҚМГ контрагенттері мен ізденушілерді тексеру

Іскерлік қатынастарды бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында, үміткерлерді жұмысқа тарту кезінде, заңды тұлғаларға қатысу кезінде, Контрагенттермен және өзге де мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау кезінде ҚМГ олардың сенімділігін, мүдделер қақтығысының болмауын, Саяси маңызды тұлғалармен өзара байланысын тексеруді жүзеге асырады, беделі туралы ақпаратты талдайды.

Ізденушілердің белгіленген талаптарға, оның ішінде осы Саясатқа сәйкестігін тексеру рәсімі ҚМГ-ның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Контрагенттерді, серіктестерді, бірлескен кәсіпорынның қатысушыларын (акционерлерін) және қайырымдылық/демеушілік көмек алушыларды тексеру тәртібі мен критерийлері ҚМГ контрагенттерінің сенімділігін тексеру жөніндегі ішкі құжатта бекітілген.

7.3. Бухгалтерлік есеп және аудит

Барлық мүдделі тараптар үшін ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында ҚМГ заңнама мен ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына толық сәйкестікте бухгалтерлік, салықтық және басқару есебін жүргізуді жүзеге асырады.

Барлық қаржы-шаруашылық операциялар бухгалтерлік және өзге де есеп түрлерінде толықтық, дұрыстық және ашықтық қағидаттары ескеріле отырып көрсетіледі.

ҚМГ шаруашылық операцияларын оларды бухгалтерлік есепте көрсетпей жүзеге асыруға, бухгалтерлік, басқарушылық және есептің өзге де түрлерінің деректерін немесе растайтын құжаттарды бұрмалауға немесе боямалауға жол бермейді.

ҚМГ-ның барлық шаруашылық операциялары тиісті қараудан өтеді және уәкілетті қызметкерлер оларды ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес бекітеді.

Бухгалтерлік есеп пен есептілік ҚМГ заңнамасы мен ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес тұрақты ішкі және сыртқы аудиттен өтеді.

7.4. Өкілдік шығыстарды жүзеге асыру және сыйлықтар беру

Сыйлықтар алу немесе сыйға тарту, қонақжайлылық таныту, егер олар символдық сипатқа ие болса, іскерлік тәжірибеге сәйкес келсе, ҚМГ үшін беделге қауіп төндірмесе, жасырын сыйақы болып табылмаса, шешім қабылдауға ықпал етуге арналмаса және басқа адамдардың мұндай ықпал бар екеніне күмәндануына себеп болмаса, құрмет пен сыпайылықтың белгісі болып табылады, жақсы іскерлік қатынастарды қалыптастырады.

Егер қызметкердің пікірі бойынша сыйлықты қабылдау немесе іскерлік кешкі асқа/түскі асқа шақыру Контрагент немесе үшінші тұлға тарапынан негізсіз пайда алу дәмесінің туындауына әкеп соқса, ол бұл туралы өзінің тікелей басшысына, Комплаенс қызметіне немесе «Қауырт желіге» хабарлауы қажет.

Лауазымды адамдардың Контрагент есебінен сыйлықтар алуға немесе іскерлік түскі/кешкі асқа шақыруларды қабылдауға құқығы жоқ.

Лауазымды тұлғалардың/Қызметкерлердің Саяси маңызы бар адамға/адамнан ақша қаражатын, сыйлықтар, қонақжайлылық белгілерін, қандай да бір құндылықтарды алуға немесе беруге құқығы жоқ. Ерекшеліктер – ардагерлерге медальдар табыстау, ҚМГ қызметкерлерін құттықтау үшін, өндірістік объектілердің салтанатты ашылуына, сондай-ақ мемлекеттік және ұлттық мерекелерге, сондай-ақ ҚМГ мен осы Саяси маңызы бар адамдар арасындағы өзара іс-қимылды талқылау мақсатындағы басқа да іскерлік жиналыстарға Саяси маңызы бар адамдар шақырылған іс-шаралар. Бұл ретте осы іс-шаралар/жиналыстар шеңберінде басқа шақырылған адамдардан гөрі Саяси маңызы бар адамға преференциялар берілмейді.

Сыйлықтарға арналған барлық шығыстар мен өкілдік шығыстар шығыстар туралы есептерде, сондай-ақ ҚМГ ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес сыйлықтарды және қонақжайлылық белгілерін тіркеу журналында дұрыс әрі шынайы түрде есепке алынуы тиіс.

Сыйлықтарды сыйға тарту және алу, сондай-ақ өкілдік шығыстар ҚМГ Іскерлік әдеп кодексіне және өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

7.5. Қайырымдылық және демеушілік қызметті жүзеге асыру бойынша шектеулер

ҚМГ мемлекеттік органдарға, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарға, олардың өкілдеріне, сондай-ақ өзге де тұлғаларға қайырымдылық пен демеушілік көмекті тікелей көрсетпейді.

Қайырымдылық пен демеушілік көмекті ҚМГ мыналар арқылы ғана көрсете алады:

- «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорына ақшалай қаражат аудару;
- ескірген активтерді қайырымдылық мақсаттарға есептен шығару (ҚМГ Комплаенс қызметімен келісім бойынша жүзеге асырылуы мүмкін);
- жергілікті атқарушы органдардың өтініштері бойынша аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету (ҚМГ Комплаенс қызметімен келісім бойынша жүзеге асырылуы мүмкін).

Жоғарыда баяндалғандарға «Самұрық-Қазына» АҚ-ның тиісті тапсырмасы ерекшелік бола алады. Мұндай жағдайда қайырымдылық пен демеушілік көмек қаражаттың мақсатты жұмсалуды туралы кейіннен егжей-тегжейлі есеп беріле отырып, нақты мақсаттарға көрсетілуі мүмкін.

7.6. Саяси қызметке қатысудан бас тарту

ҚМГ саяси партияларға, ұйымдарға және олармен байланысты қорларға тікелей немесе жанама қатыспайды, оның ішінде оларды қолдауға демеушілік және өзге де төлемдерді жүзеге асырмайды.

Егер ҚМГ мүдделеріне зиян келтірмесе және мүдделер қақтығысын тудырмаса, ҚМГ қызметкерлері мен лауазымды адамдары жұмыстан бос уақытта жеке тұлғалар ретінде саяси қызметке өз қалауы бойынша қатысуға құқылы.

7.7. Сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасағаны үшін жауапкершілікке тарту

ҚМГ сыбайлас жемқорлық әрекеті және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі құжаттардың талаптарын өзге де бұзушылықтар үшін осындай бұзушылықтардың мөлшері мен нысанына қарамастан тез және бұлтартпай жауапкершілікке тарту үшін барлық ықтимал ақылға қонымды және заңды күш-жігерді қолданады.

ҚМГ осы Саясатта белгіленген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілікке тартылған адамдар туралы ақпаратты белгіленген тәртіппен жария ету құқығын өзіне қалдырады.

7.8. Қарсы шаралардан бас тарту

ҚМГ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаудан бас тартқан Қызметкерлер/Лауазымды тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылмайтынына кепілдік береді, тіпті егер мұндай бас тарту нәтижесінде ҚМГ қосымша материалдық және материалдық емес пайда алмаса да, заңнама немесе осы Саясат талаптарын бұза отырып қана болдырмауға болатын шығындарға ұшыраса да.

ҚМГ ҚМГ-ның басқа Қызметкері/Лауазымды адамы жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың болжамды фактісі туралы, мұндай күдік расталмаса да, адал хабарлаған ҚМГ қызметкерлеріне/лауазымды адамдарына қарсы шараларға жол бермеу қажет деп санайды, мұндайды уақтылы анықтауға және жолын кесуге ұмтылады.

Осы Саясат ҚМГ-де әдеп нормалары мен қағидаттарды ілгерілету жүйесіндегі негізгі буын болып табылады және, ҚМГ-нің беделіне де, айналасындағыларға да зиян келтіруі мүмкін іс-әрекеттерден аулақ болуға ұмтыла отырып, әріптестермен және сыртқы мүдделі тараптармен адалдық пен сенімге негізделген қарым-қатынас орнатуға шақырады.

7.9. «Қауырт желі»

ҚМГ-ға сенімнің жоғары деңгейін қолдау, бизнесті жүргізу әдебінің халықаралық стандарттарын сақтау, сондай-ақ алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық жағдайларының алдын алу және жолын кесу мақсатында ҚМГ-да «Қауырт желі» жұмыс істейді.

«Қауырт желі» арқылы кез келген адам өзіне ыңғайлы нысанда, оның ішінде жасырын жағдайда өзіне белгілі болған ҚМГ-дағы ұрлық мен талан-тараж, алаяқтық, парақорлық, Коммерциялық параға сатып алу, Мүдделер қақтығысы, сыбайлас жемқорлықтың басқа да көріністері мен Саясат ережелерін бұзу фактілері туралы хабарлай алады.

Әрбір өтініш мұқият қаралады, өтінішті қарау нәтижелері ҚМГ-ның жауапты тұлғаларының назарына жеткізіледі, негіздер болған кезде ҚМГ-ның ішкі құжаттары мен рәсімдеріне сәйкес тиісті тексеру жүргізіледі. «Қауырт желі» байланыстары Интернет желісіндегі ҚМГ-ның ресми веб-сайтында, ақпараттық стендтерде және өзге де жалпыға қолжетімді орындарда орналастырылады.

7.10. Құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл

ҚМГ ҚМГ-ге белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы тиісті құқық қорғау органдарына хабарлауға міндеттенеді.

ҚМГ қызметкерлері тарапынан құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл мынадай нысандарда жасалуы мүмкін:

- сыбайлас жемқорлық және алаяқтық белгілері бар бұзушылықтарды жасау жағдайлары туралы құқық қорғау органдарын хабардар ету;
- сыбайлас жемқорлықтың жолын кесу немесе тергеу бойынша іс-шараларды жүргізу кезінде құқық қорғау органдарына жәрдемдесу;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құқық қорғау органдарының сұрау салулары бойынша жауаптар беру/кеңестерге (кездесулерге) қатысу

7.11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер және кірістер мен мүлікті декларациялау

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, сондай-ақ аталған лауазымдарға үміткер болып табылатын адамдардың өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде

пайдалануына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді жасауына жол бермеу мақсатында, аталған адамдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы мынадай шектеулерді қабылдайды:

(а) жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;

(б) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

(в) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік міндеттерін орындауына байланысты сыйлықтар қабылдау.

Көрсетілген тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісімі жазбаша нысанда тіркеледі.

Аталған адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы лауазымға қабылдаудан бас тартуға не лауазымнан шығаруға (лауазымнан босатуға) әкеп соғады, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда, аталған шектеулерді сақтамау олардың тиісті қызметін тоқтату үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік немесе оларға теңестірілген функцияларды орындаумен байланысты лауазымға үміткер болып табылатын адамдар, сондай-ақ олардың жұбайлары тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік кіріс органына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кірістері мен мүлкі туралы декларацияны ұсынады.

Егер жасалған әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, декларациялар мен мәліметтерді ұсынбау немесе толық емес, дұрыс емес декларациялар мен мәліметтерді ұсыну адамға тиісті өкілеттіктер беруден бас тарту үшін негіз болып табылады не заңнамада көзделген тәртіппен тәртіптік жауапкершілікке әкеп соғады.

8. САЯСИ МАҢЫЗЫ БАР АДАМДАРМЕН ЖӘНЕ ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

ҚМГ Саяси маңызы бар адамдармен кез келген диалог пен өзара іс-қимыл бастамашыл, адал, ашық, жауапты және дәйекті тәсілге негізделуі және қолданыстағы заңнама мен іскерлік әдеп стандарттарына сәйкес келуі керек деп санайды.

ҚМГ қызметкерінің/лауазымды адамының Саяси маңызы бар адамдармен кез келген тиісті емес өзара іс-қимыл жасауына қатаң тыйым салынады.

ҚМГ қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе преференциялар алу мақсатында тікелей немесе жанама түрде материалдық немесе өзге де пайда алуды қоса алғанда, Саяси маңызы бар адамдардың, сол сияқты олардың жақын туыстарының, жұбайларының, жекжаттарының пайдасына кез келген төлемдер төлеуден, соның ішінде:

- өкілдік іс-шараларға қатысуды ұйымдастырудан немесе төлеуден (өтемақйдан);

- демалысты, ауруларды емдеуді және олардың алдын алуды ұйымдастырудан немесе төлеуден (өтемақыдан);
- іссапар және басқа шығындарды ұйымдастырудан немесе төлеуден (өтемақыдан) бас тартады.

ҚМГ қаражаты есебінен Саяси маңызы бар адамдардың қатысуымен іс-шара ұйымдастырылған жағдайда, мұндай іс-шараның бастамашысы ҚМГ Комплаенс қызметі тарапынан осы іс-шараны алдын ала келісуі тиіс. Бұл ретте Өкілдік шығыстар «Самұрық-Қазына» АҚ айқындаған өкілдік шығыстарға арналған лимиттерден не заңнамада белгіленген лимиттерден аспауға тиіс.

ҚМГ қызметкерлеріне/лауазымды адамдарына тікелей немесе делдалдар арқылы заңсыз артықшылықтар немесе преференциялар алу мақсатында Саяси маңызы бар адамдарға ақша қаражатының, қандай да бір өзге құндылықтардың немесе материалдық немесе өзге де пайданың ұсынуға, беруге, уәде етуге, берілетінін мәлімдеуге тыйым салынады.

ҚМГ қызметкерлеріне/лауазымды тұлғаларына Саяси маңызы бар адамдарға кез келген Ынталандырушы төлемдерді тікелей немесе делдалдар арқылы ұсынуға, беруге немесе уәде етуге тыйым салынады.

ҚМГ қызметкерлері/лауазымды адамдары сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға немесе жасалуына ықпал етуге дайын деп Саяси маңызы бар адамдар қабылдауы мүмкін мінез-құлыққа жол бермеуге міндетті. Бұл талаптар ауызша және жазбаша өтініштерді, келіссөздерді қоса алғанда, өзара іс-қимылдың барлық жағдайларына қолданылады.

Саяси маңызы бар адамдардан оның өз пайдасына немесе оның жақын туыстарының, ерлі-зайыптылардың пайдасына ақша қаражатын, қандай да бір өзге құндылықтарды, материалдық немесе өзге де пайданы сұрау, талап ету, қорқытып алу, беруді мензеу ретінде қабылдануы мүмкін ақпаратты алған ҚМГ қызметкері/лауазымды адамы тиісті Саяси маңызы бар адаммен іскерлік байланыстарды тоқтата тұруға және осындай жағдайдың бар екендігі туралы 1 (бір) жұмыс күні ішінде ҚМГ Комплаенс қызметін хабардар етуге және/немесе бұл туралы ақпаратты «Қауырт желіге» жіберуге міндетті.

Саяси маңызы бар адамдармен, олардың жақын туыстарымен, жұбайларымен, жекжаттарымен шарттар жасасу сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары фактор болып табылады. Осындай тәуекелді болдырмау үшін ҚМГ әлеуетті Қызметкерлер мен Контрагенттерді ішкі құжаттарға сәйкес Саяси маңызды тұлғалармен байланысы тұрғысынан тексереді.

Өз әрекеттерінің заңдылығы мен әдептілігіне кез келген түрде күмән туындаған жағдайда ҚМГ қызметкерлері/лауазымды тұлғалары ҚМГ Комплаенс қызметінен консультация алуға міндетті.

9. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және бағалау тәсілі осы тәуекелдердің уақтылы және тиімді басқарылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастырылуы керек.

ҚМГ-ның сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау ҚМГ қызметкерлері, Лауазымды тұлғалары, Контрагенттері және ҚМГ-мен ынтымақтасатын өзге де үшінші тұлғалар тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға неғұрлым бейім келетін нақты бизнес-процестерді айқындау үшін жүргізіледі.

ҚМГ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың мынадай тәртібі белгіленді:

- ҚМГ қызметін жекелеген бизнес-процестер түрінде ұсыну;
- әрбір бизнес-процесс үшін сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылықтарға ұшырау ықтималы жоғары «сыни» нүктелер мен бағыттарды айқындау;

- ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың сипаттамасы: сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау кезіндегі пайданың сипаттамасы, парақорлықтың немесе коммерциялық параға сатып алудың ықтимал нысандары.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару мынадай түрде жүзеге асырылады:

- жүргізілген іс-шаралар бойынша нәтижелерді бағалау мен есептілікті қоса алғанда, ҚМГ-ның сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің карталарын дайындау;
- ішкі құжаттарға сәйкес Мүдделер қақтығысы туралы хабарламаны үнемі толтыруды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы рәсімдерді белгілеу;
- қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың тиімділігін талдау;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың жаңаларын әзірлеу (қайта қарау) және қолданыстағыларын жетілдіру.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау осы Саясатты әзірлеу және енгізу кезінде; Саясат бекітілгеннен кейін – кемінде екі жылда бір рет жүргізіледі.

Қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйенің тиімділігін мерзімді талдау ҚМГ Ішкі аудит қызметінің аудиттері шеңберінде, сондай-ақ сыртқы консультанттардың (аудиторлардың) тәуелсіз тексерулері шеңберінде жүзеге асырылады.

10. САЯСАТТЫ ОРЫНДАМАҒАНЫ (ТИІСІНШЕ ОРЫНДАМАҒАНЫ) ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Осы Саясаттың талаптарын сақтау үшін жауапкершілік, атқаратын лауазымына қарамастан, ҚМГ-ның әрбір қызметкеріне/лауазымды тұлғасына жүктеледі.

ҚМГ қызметкерінің/лауазымды адамының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды және/немесе алаяқтық әрекеттерді жасауы Еңбек міндеттерін өрескел бұзу деп танылады.

ҚМГ қызметкері/лауазымды адамы мәртебесі мен лауазымына қарамастан жауапкершілікке тартылуға жатады. Жауапкершілікке тарту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

ҚМГ қызметкерінің/лауазымды тұлғасының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар және/немесе алаяқтық іс-әрекеттер жасауға қатыстылығы анықталған және нақты белгілі болған жағдайда, ҚМГ ҚМГ қызметкерін/лауазымды тұлғасын тәртіптік жауапкершілікке тартуға, оның ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен шартты бұзуға құқылы.

Жеткілікті негіздер болған жағдайда жоғарыда көрсетілген фактілер бойынша ішкі тергеу материалдары кінәлі адамдарды әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы арызбен құқық қорғау органдарына беріледі.

ҚМГ-ге зиян және залал келген жағдайда, ҚМГ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар және/немесе алаяқтық әрекеттер жасаған адамға қатысты азаматтық талап-арызбен сотқа жүгіну құқығын өзіне қалдырады.

11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Халықаралық іскерлік әдеп стандарттарын, бизнесті жүргізудің ашықтығы мен айқындығын сақтау үшін ҚМГ қызметкерлері/лауазымды тұлғалары ҚМГ Комплаенс қызметіне оларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіруге әрекет жасаудың барлық жағдайлары туралы ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес хабарлауға тиіс.

ҚМГ басқа қызметкерлерінің/Лауазымды тұлғаларының немесе Контрагенттердің әрекеттерінің заңдылығына, ұрлауды, алаяқтықты, парақорлықты, коммерциялық параға сатып алуды, мүдделер қақтығысын қоса алғанда, ықтимал сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне және өзге де бұзушылықтарға қатысты күмән туындаған жағдайда, ҚМГ-ның өзге Қызметкері/Лауазымды тұлғасы, Контрагент, акционер немесе өзге тұлға ашық диалог нысанында (оның ішінде жасырын түрде) ҚМГ Комплаенс қызметіне өзінің күмәні туралы баяндай алады не ҚМГ ішкі құжаттарында белгіленген рәсімге сәйкес «Қауырт желіге» жүгіне алады.

**«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ МЕН ОНЫҢ ЕТҰ-ДА СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ
НОРМАЛАРЫН САҚТАУ МІНДЕТТЕМЕСІ**

1. Қызметкер «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ЕТҰ-дағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатының және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Іскерлік әдеп кодексiнiң мазмұнымен танысқанын растайды және оларды сақтауға мiндеттенедi.

2. Қызметкер:

2.1. Сыбайлас жемқорлық әрекетiне тiкелей немесе жанама түрде, жеке өзi немесе үшіншi тұлғалардың делдалдығы арқылы қатыспауға, оның iшiнде коммерциялық ұйымдарды, билiк және өзiн-өзi басқару органдарын, қазақстандық және шетелдiк мемлекеттiк қызметшiлердi, жеке компаниялар мен олардың өкiлдерiн қоса алғанда, қандай да бiр тұлғаларға және қандай да бiр тұлғалардан немесе ұйымдардан, нысандылықтарды кез келген нысанда (ынталандырушы төлемдер), оның iшiнде ақшалай қаражат, құндылықтар, көрсетiлетiн қызметтер нысанында оңайлату үшін пара мен төлемдер ұсынбауға, бермеуге, уәде етпеуге, сұрамауға және алмауға.

2.2. ҚМГ мүддесiнде немесе ҚМГ атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе оған қатысуға дайын деп айналасындағылар түсiнуi мүмкiн мiнез-құлықтан аулақ болуға.

2.3. Тiкелей басшысын және Саясаттың сақталуын бақылау үшін жауапты тұлғаны:

- Қызметкердi сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндiруге әрекет жасау жағдайлары туралы;

- ҚМГ басқа қызметкерлерiнiң, контрагенттерiнiң немесе өзге де тұлғалардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау жағдайлары туралы Қызметкерге белгiлi болған ақпарат туралы;

- Қызметкерде Мүдделер қақтығысының туындау мүмкiндiгi немесе туындағаны туралы дереу хабардар етуге мiндеттенедi.

3. Қызметкер ҚМГ-ның «Қауырт желiсiне», Саясаттың сақталуын бақылау үшін жауапты ҚМГ Комплаенс қызметiне өз әрекеттерiнiң заңдылығы немесе әдептiлiгi, сондай-ақ Қоғаммен өзара iс-қимыл жасайтын басқа да Қызметкерлердiң, Контрагенттердiң немесе өзге де тұлғалардың әрекеттерi, әрекетсiздiгi немесе ұсыныстары туралы хабарлау мүмкiндiгiмен танысты.

4. Қызметкерге ҚМГ-ның бiр де бiр қызметкерi, оның iшiнде оның өзiн қоса алғанда, егер ол сыбайлас жемқорлықтың болжалды фактiсi туралы хабарласа, не пара беруден немесе алудан, коммерциялық параға сатып алудан немесе паракорлыққа делдалдық көрсетуден бас тартса, оның iшiнде мұндай бас тартудың нәтижесiнде ҚМГ-да жiберiп алған пайда туындаса немесе коммерциялық және бәсекелестiк артықшылықтар алынбаса, ҚМГ тарапынан санкцияларға және қудалауға ұшырамайтындығы түсiндiрiлдi.

5. Қызметкерге қазақстандық және қолданыстағы басқа да заңнаманың сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарын бұзғаны үшін тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және/немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылу мүмкіндігі, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясат және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Іскерлік әдеп кодексі туралы ескертілді.

6. Қызметкерге «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да және оның ЕТҰ-да Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясаттың қағидаттары мен талаптары туралы және қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама туралы қосымша сұрақтары болған жағдайда, Саясаттың сақталуын бақылау үшін жауапты ҚМГ Комплаенс қызметіне жүгіне алатындығы түсіндірілді.

« ____ » _____ 20__ ж. _____ / _____

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАНЫҢ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ БОЙЫНША «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ ЖАДЫНАМАСЫ

1. Қандай мінез-құлыққа тыйым салынады?

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның (бұдан әрі – ҚМГ) ҚМГ мен оның ЕТҰ-да Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясаты (бұдан әрі – Саясат) сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандарына тыйым салады: өзі үшін немесе үшінші тұлға үшін ақша, құндылықтар, өзге мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер, өзге де мүліктік құқықтар түрінде жеңілдіктер алу үшін қызмет бабын теріс пайдалану, Пара беру (Белсенді парақорлық), Пара алу (Белсенді емес парақорлық), Делдалдық, өкілеттіктерді теріс пайдалану, Коммерциялық параға сатып алу не жеке тұлғаның өзінің лауазымдық жағдайын ҚМГ мен мемлекеттің мүдделеріне қайшы келетін түрде заңсыз пайдалануы не көрсетілген тұлғаға осындай пайданы басқа адамдардың заңсыз ұсынуы, сондай-ақ және заңды тұлғаның атынан немесе оның мүддесі үшін көрсетілген әрекеттерді жасауы.

2. Пара дегеніміз не?

Пара – Пара берушінің мүддесінде өзінің қызмет бабына байланысты жасай алатын немесе жасауы тиіс әрекеті (немесе, керісінше, әрекетсіздігі) үшін қабылданатын материалдық құндылықтар (заттар немесе ақша) немесе қандай да бір мүліктік пайда немесе көрсетілетін қызметтер.

Пара – құндылығы бар әлдебір нәрсе, оның ішінде қаржылық немесе басқа артықшылық болуы мүмкін. Пара алу мысалдары мыналарды қамтиды (бірақ аталғандармен шектелмейді):

- қаржылық төлемдер немесе ақша қаражаты немесе оған балама (мысалы, сыйлық сертификаттары) түріндегі төлемдер туралы уәделер,
- сыйлықтар, ойын-сауық және қонақжайлылық белгілері (мысалы, сапар, қонақ үйде тамақтану және тұру),
- қызметтер,
- қарыздар және құнды қамтамасыз ету,
- мүлік немесе кез келген түрдегі мүліктегі қандай да бір үлес,
- өсімпұлдан қорғау және қандай да бір міндеттемеден босату,
- сәйкес келмейтін сыйақы үшін берілетін нәрсе,
- практика, жұмыс тәжірибесін ұсыну немесе уақытша немесе тұрақты жұмыс ұсыну (жақын туыстарына, жұбайларына, жекжаттарына осындай қызметтерді/игіліктерді ұсынуды қоса алғанда),
- саяси немесе қайырымдылық жарналар.

Параның қандай да бір жергілікті салада, істе, кәсіпте немесе икемде қажетті шара екендігінің дәлелі Парақорлықты қолдау үшін қолданыла алмайды.

3. Белсенді парақорлық

ҚМГ қызметкерлері/лауазымды тұлғалары ешбір жағдайда:

- Саяси маңызы бар адамдарға немесе олардың пайдасына, немесе осындай тұлғалардың нұсқауы бойынша Ынталандырушы төлемдерді, өзге де заңсыз төлемдерді немесе артықшылықтарды қоса алғанда, пара ұсынбайды, уәде етпейді немесе төлемейді;

- мұндай мінез-құлықты насихаттамайды, делдал болмайды, көмектеспейді немесе қолдамайды.

Саясат ҚМГ қызметкері/лауазымды тұлғасы Саяси маңызы бар адамға пара ұсынса, төлеуге тырысса немесе төлесе, пара беру кезінде делдал болса, тіпті ҚМГ қызметкері/лауазымды тұлғасы одан пайда таппаса да, бұзылған болып саналады.

4. Белсенді емес парақорлық

ҚМГ қызметкерлеріне/лауазымды тұлғаларына:

- Саяси маңызы бар адамнан пара сұрауға, талап етуге, пара алуға немесе беруге келісуге тыйым салынады.

Бұл тыйым Қызметкер оның өз пайдасына немесе басқа адамның атынан пара алатынына қарамастан қолданылады.

Саясат ҚМГ қызметкері/лауазымды адамы пара сұраса немесе талап етсе де бұзылған болып саналады; пара іс жүзінде төленбеуі де мүмкін.

5. Коммерциялық параға сатып алу дегеніміз не?

Коммерциялық параға сатып алу – коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқарушылық функцияларды орындайтын адамға өзінің қызмет бабын пайдаланғаны үшін ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге де мүлікті заңсыз беру, сол сияқты оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету, сондай-ақ параға сатып алуды жүзеге асыратын адамның мүддесінде қызмет бабымен жалпы қамқорлық немесе салғырттық таныту.

6. Артықшылық қандай жағдайда Пара немесе Коммерциялық параға сатып алу болып саналады?

Артықшылық беру – егер мынадай ниет болса, құндылығына қарамастан, Пара болып табылады:

- алушының немесе басқа тұлғаның тиісті емес әрекетін ынталандыру немесе көтермелеу (коммерциялық параға сатып алу); немесе

- коммерциялық артықшылық алу немесе сақтау мақсатында өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде Саяси маңызы бар адамға ықпал ету (заңсыз немесе басқаша түрде).

Артықшылық беру Пара болып саналуы мүмкін, егер ол:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және парақорлық туралы тиісті заңдар бойынша заңсыз болса;

- екінші Тарап үшін міндеттеме немесе міндеттеменің көрінісін туғызатын болса;

- артықшылық беретін адамға немесе осындай адамның ұйымына белгілі бір пайда немесе жалпы қолдау көрсету мақсатында адамды әрекетке немесе әрекетсіздікке көндіруге бағытталса;

- Саяси маңызы бар адамға қызметшіге оның қызметтік міндеттеріне ықпал ету үшін, қызметтік міндеттерін орындауды жеделдету немесе осындай адамнан жалпы қолдау алу үшін берілсе;
- құны, жиілігі немесе берілу тәсілі бойынша негізсіз болса.

7. Тағы нелерге тыйым салынады?

Сіз сондай-ақ ешбір жағдайда:

- қаржылық тәртіпті бұзбауға, соның ішінде ақша ұрлау және жалған есептер шығару, инсайдерлік ақпаратты сату, ақшаны жылыстату немесе қаражатты заңсыз иелену сияқты сияқты қылмыстық әрекеттерге бармауға;
- Қоғам тарапынан алдын ала рұқсатсыз, активтерді, қаражатты немесе зияткерлік меншікті қоса алғанда, Қоғамның ресурстарына қол жеткізу рұқсатын пайдаланбауға немесе оларға қол жеткізу мен пайдалану рұқсатын басқа тұлғаларға жеке тәртіппен ұсынбауға;
- коммерциялық ұйымның, мемлекеттік (толық немесе ішінара) ұйымның жеке қызметкерін немесе Саяси маңызы бар адамды заңсыз әрекеттерге көндіруге тырыспауға;
- тікелей немесе жанама түрде агент немесе қауымдасқан тұлға арқылы:
 - a. Саяси маңызы бар адамға немесе
 - b. коммерциялық немесе өзге ұйымның менеджеріне, қызметшісіне немесе қызметкеріне Параны/Коммерциялық параға сатып алуды ұсынбауға, бермеуге немесе рұқсат етпеуге;
- Қоғамның қандай да бір бәсекелесінің, өнім берушісінің немесе тапсырыс берушісінің қызметкеріне Қоғамның оның бәсекелестерінен лайықсыз артықшылығына әкеп соғуы мүмкін кез келген пайда сияқты жосықсыз бәсекелестік артықшылыққа және бәсекелестік туралы қолданылатын ережелерді бұзуға әкелуін мүмкін ететін рұқсат етілмеген пайданы (мүліктік немесе өзге) ұсынбауға немесе бермеуге;
- ҚМГ-ға қатысты бәсекелестік артықшылықты заңсыз алу мақсатында Саяси маңызды тұлғалармен болуы мүмкін қандай да бір байланыстарды пайдаланбауға;
- Саясатқа сәйкес заңсыз төлемдердің белгілері немесе көңіл аудару белгілері туралы немесе мұндай мінез-құлыққа күдік туғызатын қандай да бір жағдайлар туралы хабарлауға;
- алаяқтық жалған мәлімдемелерді қоса алғанда, тарапты қаржылық немесе өзге де пайда алуға немесе міндеттемелерден жалтаруға көндіруге итермелейтін іс-әрекеттер жасамауға;
- жоғарыдағы кез келген нәрсені жасырмауға немесе жасыруға тырыспауға міндеттісіз.

Жадынамамен таныстым, түгел оқып шықтым, маған толық түсіндірілді.

Аты-жөні _____

Қолы _____ Күні _____

***Контрагенттермен жасалған шарттар үшін
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің мысалы***

1. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] осы Шарт бойынша әрекет ететін, өзімен үлестес барлық жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі олардың әрқайсысы «Үлестес тұлға» деп аталады), соның ішінде төменде аталғандармен шектелмей, [шарт бойынша контрагенттің атауы] иелерінің, директорларының, лауазымды тұлғаларының, қызметкерлері мен агенттерінің осы ескертпенің кепілдіктерін сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] және барлық Үлестес тұлғалар тікелей немесе жанама түрде:

2.2.1. Бизнесті заңсыз алу, сақтау немесе жүргізу не ҚМГ үшін заңсыз артықшылықтар алу мақсатында, мемлекетпен байланысты кез келген тұлғаларға қандай да бір ақша қаражатын төлемеуге, ұсынбауға, уәде етпеуге не төлеуге рұқсат етпеуге немесе өзге де құндылықтарды (сыйлықтар, ойын-сауық және субсидияларды қоса алғанда) ұсынбауға.

2.2.2. Коммерциялық параға сатып алуды және бизнесті жүргізудің өзге де заңға қайшы және заңсыз құралдарын қоса алғанда, коммерция саласында парақорлыққа тыйым салатын қолданыстағы заңдарды бұзатын өзге де әрекеттерді жасамауға міндеттенеді.

3. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] [мемлекетпен байланысты тұлға болып табылмайды] ²және оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері не тікелей немесе жанама иелері болып табылатын Саяси маңызы бар адамдары [жоқ]. ³[Шарт бойынша контрагенттің атауы] қандай да бір Саяси маңызы бар адам [шарт бойынша контрагенттің атауы] Лауазымды тұлғасы немесе Қызметкері атанған не [шарт бойынша контрагенттің атауы] тікелей немесе жанама қатысу үлесін алған барлық жағдайлар туралы ҚМГ-ға жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндеттенеді.

4. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] қандай да бір заңсыз мақсатта емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған және оның заңды қаржыландыру көздері ғана бар.

5. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] және оның Үлестес тұлғалары алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңға қайшы іс-әрекеттер жасағаны үшін сотталмаған немесе кінәлі деп танылмаған. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] егер [шарт бойынша контрагенттің атауы] немесе оның қандай да бір Үлестес тұлғалары осындай құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасағаны үшін сотталса немесе кінәлі деп танылса, ҚМГ-ға жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндеттенеді.

6. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] ҚМГ-ның ресми веб-сайтында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) Іскерлік әдеп кодексімен және ҚМГ мен оның ЕТҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатымен

² Егер Контрагент мемлекетпен байланысты тұлға болса, мәтінді өзгерту қажет

³ Егер бар болса, мәтінді өзгерту керек және мемлекеттік лауазымды тұлғалардың тізбесін алу қажет

танысқанын растайды. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] ҚМГ Іскерлік әдеп кодексін және ҚМГ мен оның ЕТҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатын толық түсінетіндігін растайды.

7. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің талаптары іс жүзінде немесе ықтимал бұзылған жағдайда, ҚМГ-ға адал көмек көрсетуге және жәрдемдесуге міндеттенеді, оның ішінде өз иелеріне, директорларына, лауазымды адамдарына және өзге де Үлестес тұлғаларына сауалнама жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

8. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] ҚМГ қызметімен байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің талаптарын бұзудың барлық жағдайлары туралы ҚМГ-ға уақтылы хабарлауға міндеттенеді. Талаптарды бұзу жағдайлары туралы хабарлау үшін [шарт бойынша контрагенттің атауы] ҚМГ-ның «Қауырт желісін» пайдалануға міндетті, «Қауырт желі» туралы ақпарат ҚМГ-ның ресми веб-сайтында орналастырылған .